

№14 “Шолпан” балабақшасы

Мерекенмен, Анашым

*Тәрбиеші: Қайрова А
Ж. Тәти*

2021-2022 оқу жылы

Бекітемін: 
Әдіскер К.Байқадамова
«04» «03»2022 ж

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, әжелер, әпкелер! 8 наурыз мерекесі құтты болсын! Жан жадырағар қуаныштарың мол болсын! Асыл армандарыңыз орындалып, денсаулықтарыңыз мықты болсын!

Той тойлап дала менен калаларын,

Мерекен құтты болсын аналарым.

Қаракөз қыз, абзал ана мерекесін,

Құттықтауға келіп тұр балаларың!

Ортаға «Шұғыла» мектепалды даярлық тобының балаларын қошеметпен шақырамыз.

(балалар билеп шығады)

Балалар: Құрметті аналар!

Әжелер!

Апалар!

Қарындастар!

Сіздерді мерекелеріңізбен

Бәрі: Құттықтаймыз!

Жүргізуші: Қандай өнегелі балаларсыңдар! Қане, жайғасып отыра қойыңдар! Көктемнің алғашқы мерекесі-Аналар күні. Сіздер аналарыңды бұл күні қалай қуантасыңдар?

Балалар: -Үй жинаймыз.

-Тентек болмаймыз.

-Ыдыс жуамыз.

-Еден сыпырамыз.

Жүргізуші: Ән сал десе, сал әнді,

Жігіт боп өс жарамды.

Қуантқайсың әрқашан,

Әжең менен аңанды.

Хор: «Ана деп ән салам»

Жүргізуші: Қызғалдақтай жайнап өскен

Біздің топтың ұл-қызы

Өнші де бар, биші де бар,

Шет-шетінен өнерлі.

Бүгін міне, мереке деп

Нұрланғандай көңілі

Аналарын құттықтауға

Бүгін бірге келеді.

Ортаға тақпақтарын айтуға балаларды шақырамын.

Тақпақтар

Ерзат: Үн қатасың бал тілмен,

Еркелеймін әр күн мен

Құттықтаймын әжетай,
Сегізінші наурызбен!

Айару: Әже деген көп шығар
Әжемдей менің жоқ шығар.
Мейірімді бұл кісі.
Қандай ғажап күлкісі.

Айбике: Анам мені айым дейді,
Мен мұнайсам уайым жейді.
Анам мені күнім дейді,
Мен қуансам, күлімдейді.

Марлен : Ақ әжемді әрқашан
Сыйлап жақсы көремін.
Қуантайың деп оны
Өлең айтып беремін.

Жанерке: Еркелесем күлімдейтін
Ұрысканы білінбейтін.
Маңдайымнан иіскеп менің
«Құлыншағым» күнім дейтін.

Інкәр: Жердегі бар тағамнан,
Анасүтінәрліекен.

Бұлжалғанда анамнан,
Сүйіктіадам бар маекен?

Әминна: Жылылықтан жаралған
Құшағыоныңтаңмекен.

Меніңайдайанамнан
Асқансұлу бар маекен

Жансұлу: Сененөскенбалалар,
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймызмейраммен
Құрметтіаналар!

Нұрдиар: Құшағы кең теңізден
Аясындайгүлбақтың
Аппаксүтінемізген.
Қымбаттысы қымбаттың
Анамқандайжақсыадам.

Бибарыс: Жанымызды жайнатқан,
Сіздерсіз ғой аналар.

Зор денсаулық, мол бакыт,
Тілейміз біз балалар.

Инабат:

Ақ анашым, аппағым,
Өзің жайлы тақпағым.
Өзің жайлы әнім де,

Арнадым саған бәрін де!

Әмнә:

Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті аналар.

Марлен:

Ақ әжемді әрқашан,
Сыйлап жақсы көремін.
Қуантайын деп оны,
Өлең айтып беремін.

Жүргізуші:

Балалар, қазір жылдың қай мезгілі, айтыңдаршы?
Дұрыс айтасындар, көктем.
Біз көктем туралы ән білеміз бе?

«Ән» Көктем келді

Жүргізуші:

Біздің ұлдарымыз аналарға, қыздарға арнап би билеп береді.

«Би» Ұлдар биі

Жүргізуші:

Қош келіпсіз ақ жаулықты аналар!
Жүздеріңнен мейірім мен нұр тамар.
Алдарыңда жауқазындай құлпырған
Біз алаңсыз балғын шақты балалар.
Балаларымыз аналарына, әжелеріне арнап би билеп береді.

Би «Дискотека»

Жүргізуші: Көктем, көктем, көктемде,

Құстар келіп жеткенде.

Қуанып біз қаламыз,

Әнмен қарсы аламыз.

Келесі кезекте әсем ән : **«Ақ мамам»**

Жүргізуші: Балалар, өмірде жақсы лебіздер, жақсы сөздер, құттықтаулар айтқанды жақсы көремізбе? Олай болса барлығымыз шеңбер құрып, әдемі гүл арқылы жүрекке жылы лебіздерімізді айтайық.

Тренинг: «Гүл шоғы»

Мөлдір: Жүзіңізден күлкі кетпесін!

Назар: Мерекеніз құтты болсын!

Исмаил: Ешқашан ауырмаңыз!

Аилина: Анашымды сыйлаймын!

Салтанат: Мен анамды сүйемін!

Н. Аида: Әжемді жақсы көремін!

С. Аида: Анашымды ешқашан ренжітпеймін!

Аяжан: Әжеме әрдайым көмектесемін!

Екатерина: Анашымды жақсы көремін!
Санжар: Денсаулығыңыз мықты болсын!
Дария: Анамды сүйемін!
Самира: Анашымды құрметтеймін!
Жаслан: Әжемді қуантамын!
Юрий: Анашымды мәпелеймін!

Жүргізуші: Осы күнді бар бала
Тағатсыз-ақ күткенді,
Сыйлықтарын сіздерге
Сыйлайтұғын сәт келді.

Ал енді балалар аналарымызға арнаған сыйлықтарымызды табыс етейік.

Жүргізуші: Аналар, қалқып бақыт аралында,
Лайым мұң қонбасын жанарыңа.
Осымен ертеңгілігімізді аяқтайық.
Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа.

Осымен бүгінгі ертеңгілігіміз аяқталды. Уақыттарыңызды бөліп
келгендеріңізге көп рахмет. 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі құтты
болсын!

